



№111-112 (2928-2929) 22/12/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



«БАҚТЫ-АЯГӨЗ»: ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІҢ ЖАҢА ТАРМАҒЫ

Апта сәрсенбісі шығыстағы теміржолшылар қауымы үшін шынымен сәтті күн болды. Еліміз бойынша Қытайға тартылатын үшінші теміржол желісі «Бақты-Аягөз» тармағының құрылысы ресми түрде бастау алды. Жаңа тармақтың байырғы Түркісіб магистралімен түйісер тұсында, Аягөз шаһарының іргесіндегі 22-ші жол айрығында өткен салтанатты шараға ҚР Премьер-министрі Әлихан Смаилов телекөпір арқылы қатысып, құрылысты бастауға пәрмен берді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей-Аягөз

Тарихи маңызы зор шараға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма басшысы Нұрлан Сауранбаев бастаған теміржолшылар, сала ардагерлері, «Самұрық-Қазына» АҚ, Көлік министрлігі мен Абай облысы әкімдігінің басшылары қатысты.

Телекөпір барысында ҚР Премьер-министрі еліміздің теміржол саласындағы өзгерістер мен Президент тапсырмасы аясында орындалып жатқан шараларға тоқталып, жаңа телімнің тиімділігі жайында да айтып өтті.

– Бақты-Аягөз теміржол құрылысының маңызы зор. 2023 жылға қарай Қытай бағытында қосымша 20 млн тоннаға дейін жүк көлемін тарту жоспарлануда. Бұл жобаның арқасында жүк тасымалының бір бөлігі Бақты-Аягөз теміржол желісіне және «Бақты-Шәуешек» халықаралық шекара бекетіне бағытталатын болады. Жаңа желі бір жағынан Ресей мен Еуропа елдерінің, екінші жағынан Қытай мен Азия, Тынық мұхиты елдерінің арасында транзиттік жүктердің өтуін айтарлықтай ұлғайтады деп болжануда. Магистраль құрылысы 1700-ден астам адамды жұмыс орындарымен қамтитын болады. Жүктерді түсіру-тасу бекеттерін ашу да жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Мұның барлығы Абай облысының ғана емес, бүкіл еліміздің экономикасына оң әсерін тигізеді. Бұл жоба Қазақстан теміржол желісінің әлемдік көлік жүйесіне ықпалдасуын кеңейтеді, – деді Әлихан Асханұлы өз сөзінде.

Келесі сөз кезегін алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Ермеқұлы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Бақты-Аягөз» теміржол телімінің құрылысын бастауға Үкіметбасынан ресми түрде рұқсат сұрады. Осылайша, тарихи сәт – жаңа теміржолдың алғашқы рельс буынын төсеу рәсіміне кезек берілді. Жиылған көпшілік шын мәнінде тарихи оқиғаға куә болды.

Тоқтала кетсек, құрылысы қолға алынған жаңа теміржол желісі Қазақстан мен Қытай арасындағы өткізу қабілетін 28 млн-нан 48 млн тоннаға дейін ұлғайтуға, оңтүстіктегі өткізу бекеттеріндегі кептелістерді жоюға және қосымша транзит көлемін тартуға мүмкіндік береді. Теміржол құрылысы 2027 жылы аяқталып, толық пайдалануға беріледі деп межеленуде.

Сонымен қатар қос жолды жаңа телімнің ұзындығы 272 шақырымды құрайтын болады. Ал осынау алып құрылыс барысында желі бойында 11 станция, 47 көпір, 23 теміржол және 8 автомобиль өткелі, 5 жаяу жүргіншілер көпірі салынады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

СОВМЕСТНАЯ РАБОТА



ҚТЖ и РЖД провели переговоры по вопросам двустороннего сотрудничества. Представители железных дорог двух стран встретились в Москве, чтобы подвести итоги совместной работы за 2023 год.

Стороны обсудили вопросы укрепления сотрудничества в сфере железнодорожного транспорта и логистики, перспективы увеличения объемов перевозок, повышения эффективности работы межгосударственных стыковых пунктов.

Ключевыми темами встречи стали: основные направления развития транспортных коридоров, проходящих по территории России и Казахстана; согласование объемов перевозок по восточному маршруту международного транспортного коридора Север – Юг до 2030 года. По итогам встречи железные дороги двух стран договорились увеличить объем перевозок из Казахстана в Россию и обратно по электронным накладным, улучшить работу по передаче/обмену поездов по стыкам, использовать локомотивную тягу. Также стороны отметили необходимость цифрового взаимодействия в области грузовых перевозок.

Отметим, что за 11 месяцев нынешнего года объем грузовых перевозок между странами увеличился на 5,4% и составил более 83,8 миллиона тонн.

Роман ЛЮБИМОВ

АСТЫҚ ТЕРМИНАЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ



ҚР Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров Ереван қаласында өткен теңізге шыға алмайтын елдердің LLDC конференциясында Құрық портында биыл астық терминалы іске қосылатынын айтты.

Қазақстан – теңізге шыға алмайтын ірі дамушы ел болып табылады. БҰҰ-ның LLDC елдеріне арналған бағдарламасы 2003 жылғы Алматы декларациясында да, 2014-2024 жылдарға арналған Вена іс-қимыл бағдарламасында да теңізге шықпай-ақ елдердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қабылдауда аса маңызды рөл атқарады. Вице-министр жиналған көпшілікке соңғы он жылдықта Вена іс-қимыл бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы баяндап берді.

– Бүгінгі таңда біз Орталық Азия мен Еуропа арасында тасымалдау сапасын арттыру үшін барлық жағдай жасауға мүмкіндік беретін жаңа логистиканы жолға қою мүмкіндіктерін көріп отырмыз. Қазақстан Қытай, Оңтүстік-Шығыс Азия және Еуропа сияқты экономикалық алыптар арасында орналасқан және өз кезегінде өңірдегі көлік-транзиттік әлеуетті дамыту мен көлік дәліздерін жаңғырту үшін зор күш-жігер салауда. Соңғы 15 жылда Қазақстанның көлік саласына шамамен 35 млрд АҚШ доллары инвестицияланған. 2,5 мыңнан астам темір жол, 13 мың шақырым автомобиль жолдары салынған, Қытаймен шекарада «Қорғас – Шығыс қақпасы» құрғақ порты, сондай-ақ қуаттылығы жылына 21 млн тонна Ақтау және Құрық теңіз порттары нәтижелі жұмыс істеуде. Тиімді транзиттік трансконтинентальды дәліздер мен маршруттар желісі құрылды. Бүгінде еліміз бойынша 13 халықаралық көлік дәлізі өтеді, оның ішінде 5 темір жол және 8 автомобиль дәлізі, – деді вице-министр.

Жалпы Солтүстік дәлізі бойында 2015 жылдан бастап біріншілік көлік-логистикалық компания жұмыс істейді. Ол Қытай-Еуропа-Қытай бағыты бойынша біріншілік оператор қызметін атқарып, біріншілік өтпелі мөлшерлеме мен логистикалық қызметтерді ұсынады. Логистикадағы жаһандық өзгерістерге қарамастан, бұл дәліз транзиттік тасымалдарды жүзеге асырудағы өзектілігін жоғалтпайды және шығыс-батыс бағытындағы контейнерлік тасымалдардың шамамен 80 пайызын алады деп болжануда. Сонымен бірге осы бағытта Транскаспий халықаралық көлік маршрутының рөлі арта түсті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жүктерді тасымалдау көлемінің екі есе өсуі – осының айқын дәлелі.

Ұлан ОРАЗ



Жанибек ТАЙЖАНОВ,
генеральный директор АО «Пассажирские перевозки»:

Одна из главных стратегических задач национального перевозчика – обновление вагонного парка. Мы запустили по маршруту Павлодар – Туркестан новые вагоны отечественного производства. Они сделаны Петропавловским заводом, срок службы – 40 лет.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

14-18 ЖЕЛТОҚСАН АРАЛЫҒЫНДА ТЕМІР ЖОЛ БОЙЫНАН

11 000

ТЕКШЕ МЕТР ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ

БИБЛ «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ-НЫҢ ВАГОН ПАРКИ ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТЕН ШЫҚҚАН

42

ЖАҢА ВАГОНМЕН ТОЛЫҚТЫ.

Жүлде

«МАГИСТРАЛЬ AWARDS» СҢЙЛЫҒЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада Көлік және логистика саласындағы «Магистраль Awards» 1-ші Ұлттық сыйлығы ұйымдастырылып, көлік саласындағы үздіктер марапатталды. ҚР Көлік министрлігі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Н.Қ.Исинғариннің Көлік бастамалары қоры» ҚҚ, «Kazlogistics» көлік қызметкерлері одағы, ҚР корпоративтік коммуникациялар қауымдастығы ұйымдастырған салтанатты жиында ҚТЖ өкілдері бірнеше номинация бойынша марапатқа ие болды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Аталған сыйлықты өткізудегі басты мақсат – саланың инвестициялық тартымдылығы, қоғамдық мойындау, проблемаларға назар аудару, көлік және логистика саласындағы жетістіктерді ынталандыру. Байқау үш кезеңде өткізілді. Салтанатты жиында сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Аппарат басшысы Серік Кеулімжаев бұл марапат өтіп бара жатқан жылдағы көлік саласының жұмысына берілген баға деп санайтынын жеткізді. Алғашқы марапат – Сенімді халықаралық серіктес» жүлдесімен «ЕТА БКЛК» АҚ бас директоры Алексей Гром марапатталды. «Жылдың үздік жобасы» жүлдесі «Ақтөбе рельсарқалық зауыты» ЖШС-не берілді. Халықаралық көлік дәліздерін дамытуға қосқан үлесі үшін «Баку халықаралық теңіз сауда порты» ЖАҚ жүлделі болды.



«Қазақстанның көлік кешеніндегі ең үздік HR бастамалары» жүлдесіне Сәуле Истлеева басқаратын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаменті ие болды. Бұл жүлде ҚТЖ-ның «Прогрессивті ынталандыру – биік шыңдарға бірге шығу», «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженерлеріне арналған «Бірінші желі» модульдік оқыту бағдарламасы», «Білім экспресі» дамытудың көшпелі мектебі және «HR-Хакатон» жобалары үшін берілді. Прогрессивті ын-

тандандыру жобасы компанияда 2022 жылдан бері жүзеге асырылады. HR және өндірістік блок бірлестігінде қызметкерлерді ынталандырудың тәсілдері әзірленді. Атап айтқанда тасымалдың өзіндік құнын төмендетіп, жүк айналымын арттыруға ықпал ететін негізгі және шешуші көрсеткіштер мен қызметтер анықталды. Дамытушы HR жобалар компания қызметкерлерінің жеке және іскерлік қасиеттерін, кәсіби деңгейін дамытуға бағытталған.

Компанияның ішкі және сыртқы тренерлерін тарта отырып аралас форматта, яғни онлайн/оффлайн/көшпелі форматта жүзеге асырылды. «Білім экспресі» және «HR-Хакатон» жобаларының менеджерлері Әсел Карманова мен Динар Қарыбаева сарапшылар тарапынан дипломдармен марапатталды.

Сонымен қатар «Көліктік басқару шеберлігі» марапаты бойынша дипломын алғандардың ішінде Ақтау халықаралық теңіз порты да болды. «Тиімді көліктік шешімдерді жасау» номинациясы бойынша Магистральдық желі дирекциясының жол және құрылыс департаменті директоры Арман Бубиканов пен Павлодар магистральдық желі бөлімшесіне қарасты телім бастығы Қуандық Темірғалиев озық жобалары үшін марапатталды. Сонымен қатар «Салалық дәстүрге адалдық» номинациясы бойынша жүлдені «Қазкөлікәсіп» ҚБ иеленді.

Суретті түсірген автор

КАДР САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл



Кез келген саланың дамуы кадр саясатына тікелей байланысты. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның алдағы 5 жылға конкурстық іріктеу рәсіміне енгізген өзгерістер осындай ұстанымнан туындаған.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның кадр саясаты: конкурстық іріктеу рәсіміне қандай өзгерістер енгізілді? Ұжымдық шартқа қандай талаптар ескерілуі тиіс? «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің персоналды басқару бөлімі ұйымдастырған практикалық семинарда кадр саясатына қатысты кеңес беріліп, түйткілді мәселелер талқыланды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның кадр саясаты: 2023-2028 жылдарға арналған конкурстық іріктеу рәсіміндегі өзгерістер. 2024-2026 жылдарға арналған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ және оның еңбек ұжымы арасындағы «Ұжымдық шарт» және қызметкерлерге еңбекақы төлеу мен сыйақы беру қағидалары» тақырыбын көтерген семинарға Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты барлық мекеменің кадр жөніндегі менеджерлері қатысты. Атап айтсақ, Шу, Жамбыл, Сарышаған жол және электрмен жабдықтау дистанциялары, белгі беру және байланыс дистанциясының, Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнының кадрлық мәселелерге жауапты мамандарына кадр саясатына байланысты жаңадан енгізілген өзгерістер мен талаптар түсіндіріліп, жаңадан қабылданған Ұжымдық шартқа байланысты сауалдарға жауап берілді.

– Екі күнге созылған практикалық семинарда Ұжымдық шартқа байланысты туындаған сұрақ көп болды. Теміржолшыларға еңбекақы төлеу және сыйақы беру қағидалары жан-жақты түсіндірілді. Кадр жөніндегі мамандар жұмыс барысындағы ситуациялық жағдайлардың оң шешімін табу үшін қандай ереже, қағидаларға сүйену керектігі төңірегінде пікір алмасты. Қажетті кеңестер берілді, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі персоналды басқару бөлімінің басшысы Назгүл Кекежанова.

Семинар қорытындысы бойынша барлық қатысушыға арнайы сертификаттар табыс етілді.

Суретті түсірген автор

«ТОСҚАУЫЛ» ОПЕРАЦИЯСЫН ӨТКІЗДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған жоспарлы іс-шаралар аясында Ақтөбе станциясының аумағы мен теміржол вокзалында «Тосқауыл» операциясы өтті.

ҰҚК қызметкерлері мен Ақтөбе станциясындағы желілік полиция бөлімі ұйымдастырған шара барысында көші-қон заңнамасын бұзған 2 шетел азаматы ұсталды. Күдікке ілінген шетелдіктер әкімшілік жауапкершіліктен құтылуға әрекеттенген. Алайда жоспарлары іске аспады, еліміздің Көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін ӘҚБтК-нің 517-бабының 4-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сот үкімімен біреуіне 25 АЕК айыппұл салынып, екіншісіне ҚР аумағынан шығару үкімі шықты.

Елімізде жолаушылар қауіпсіздігі қатаң бақылауда. Стратегиялық аймақтағы төртінші сақталу мейлінше бақылауға алынған. Теміржол вокзалының айналасында, ғимарат ішінде бейнебақылау камералары бар.

Сонымен қатар осы күндері Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері қаладағы жатақханалар мен хостелдерге рейд кезінде теміржол вокзалы маңындағы нысандарға да тиянақты тексеру жүргізді. Себебі мұнда көбіне сырттан келетін қонақтар аялдайтындықтан, ұрлық-қарлық жиі болады. Көпшілікке өрт қауіпсіздігін сақтау ережелері түсіндірілді.

Теміржол вокзалының үшінші қабатында орналасқан қонақүй бөлмелері бос тұр. Вокзал қызметкерлерінің айтуынша, қыс мезгілінде көп адам бола бермейді. Жатын орындар босап қалады. Ал жазғы уақытта орын табу қиын. Жолаушылар үшін вокзалдағы демалыс орындары тиімді әрі қолжетімді. Мұнда тазалық әрі қауіпсіздік қатаң сақталған. Десе де, кемшіліктер анықталып, ескертулер берілді. Төтеншеліктер вокзалдағы демалыс бөлмелерінде өрт сөндіргіштер жеткіліксіз екенін ескертті. Оқыс оқиға болған кезде шұғыл шығу қиындық туғызады, эвакуациялық жолдарды жиһаздармен жауып тастаған. Эвакуациялық жоспарлар бойынша ғимараттан шығатын жолда кедергі болмау керектігі түсіндірілді. ТЖД қызметкерлері аталған кемшіліктер бойынша вокзал басшылығына нұсқама беріліп, кемшіліктер аз уақыттың ішінде жойылуға тиіс екенін айтты.

Суретті түсірген автор



ШЕКАРАЛЫҚ СТАНЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның өндірістік процестер жөніндегі басқарушы директоры Бауыржан Орынбасаров бастаған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылары Достық және Алтынкөл станцияларының бір топ қызметкерімен кездесіп, оларды еңбектегі жетістіктері үшін марапаттады.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – Техникалық саясат департаментінің менеджері Жаслан Жамбылұлы мемлекетаралық түйіспе пункттерінің даму жоспарын слайд-шоумен таныстырды. Алдымен Достық станциясының даму келешегі сөз болды. Бүгінде станцияның өткізу қабілеті 18 жұп пойызды немесе 16 млн тоннаны құрайды. 2022 жылы Достық станциясы арқылы 13,6 млн тонна/641 мың ЖФЭ жүк тасымалданса, биылғы жеке – 14,4 млн тонна. Алайда, бұл жоспар бір ай бұрын орындалып қойды. Ал контейнерлік терминалдардың қуаттылығы жылына 1100 ЖФЭ-ні құрауда. 2024-2026 жылдары қосымша терминалдар енгізу жоспарлануда. Сол кезде терминалдардың жалпы қуаттылығы жылына 2038 мың ЖФЭ-ден асады деп күтілуде. Достық – Мойынты телімінде салынып жатқан 836 шақырымдық екінші жолдар құрылысы шеңберінде 2024-2025 жылдар аралығында Достық станциясын жаңғырту қарастырылған.

Бұл іс-шара жүзеге асқанда станцияның өткізу қабілеттілігі 40 жұп пойызды немесе 35 млн тонна жүкті құрамақ. Сонымен қатар Достық – Алашаңқай шекаралық өткелін кеңейту бойынша да ұсыныс қарастырылуда екен. Онда техникалық-экономикалық негіздеме аясында өткелді «Т» Кеден паркіне дейін кеңейту көзделіп отырған көрінеді. Яғни қосымша жолдар, инспекциялық



тексеріске дейінгі кешен, тазалау және дезинфекция жүйесін салу. Сондай-ақ шекаралық өткелдің өткізу қабілетін арттыру үшін Достық – Алашаңқай станциялары арасында әрбір жол табаны бойынша екі жол салу және де пойыздарды тексеру үшін қабылдап-жөнелту жолдарының санын арттыру ұсынылып отыр.

Алтынкөл станциясының даму жоспарына тоқталсақ, бүгінде станцияның өткізу қабілеті 18 жұп пойызды немесе 12 млн тоннаны құрайды. Өткен жылы станция

арқылы 9,5 млн тонна немесе 700 мың ЖФЭ жүк тасымалданса, алтынкөлдiктер де биылғы 11,7 млн тонна жүк тасымалын межесiнен бұрын орындап тастаған. Қазір Алтынкөздегі қайта тиеу терминалдарының қолданыстағы қуаттылығы жылына 976 мың ЖФЭ-ні құраса, Құрғақ портты кеңейту кезінде өткізу қабілеті жылына 1 236 мың ЖФЭ-ні құрайды деп күтілуде. Бұл станцияда да 2024-2026 жылдар аралығында Б паркi, сұрыптау паркi және Д паркiнде төрт жол салу, Құрғақ портта 10 жол салу көзделіп отыр екен. Осы шаруалар атқарылғаннан кейін Алтынкөл станциясының өткізу қабілеті 32 жұп пойызды, 21 млн тонна немесе жылына 1800 мың ЖФЭ-ні құрайтын болады.

Қытаймен шекаралас қос станцияның озат еңбеккерлеріне жұмысты тиімді және сапалы ұйымдастыра білгендері үшін алғыс айтқан Бауыржан Орынбасаров оларды Құрмет грамоталарымен марапаттап, оған қоса ақшалай сыйлық берілетінін атап өтті.

Суреттерді түсірген Сара САХЫНБЕК

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНДА БАҚ СЫНАСТЫ



Тәуелсіздік күні құрметіне Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінде өткен «Қазақша КВИЗ» интеллектуалды ойыны білім сайысы түрінде ұйымдастырылды.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Тәуелсіздік мерекесіне орай өткізілген білім бөйгесіне түбегітің теміржол саласында еңбек ететін қызметкерлер қатысып, интеллектуалдық ой-өрістерін танытып, білім жарыстырды. Бес топ болып сынаға түскендер: өрт сөндіру пойызынан «Отпанға оғандары», белгі беру және байланыс дистанциясынан «Бірлік», жол дистанциясының жігіттерінен «Шерқала», электрмен жабдықтаушылардан «Эврика», вокзал қызметкерлерінен «Qazaq station» топтары құрылды. Қатысушылар бес кезеңнен тұратын ойын шарттарын орындады.



Алдымен жалпы сұрақтарға жауап берсе, екінші турда салаға қатысты білімдерін паш етті. «Рухани жаңғыру» шартын орындау барысында аудио және видео форматындағы сұрақтар теміржолшылардың жылдамдығы мен тапқырлығына сын болды. Сондай-ақ олар қосымша ұпай жинау мақсатында берілген түрлі

сұрақтарға жауап берді.

Сайысқа Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Нұрболат Шалғабай, Ғылыми техникалық бөлімнің басшысы Руслан Тұрақбаев, Маңғыстау қосалқы бөлімі аудармашысы Зәуре Қосымбаева төрелік етіп, қатысушылардың біліміне баға берді.

Ойын қорытындысы бойынша «Бірлік» тобы ұпай есебімен алға шықты. өзгелерден шапшаң және біліктілігімен ерекшеленген бұл топтың құрамында жол дистанциясы директорының орынбасары Рүстем Теңізев, еңбекті қорғау инженері Айжан Мұқанова, техникалық бөлім инженері Төрехан Аширралиев, электромонтер Зина Нұржігітова және Еламан Бауыржан болды. Екінші орын өрт сөндірушілер командасы «Отпанға оғандарына» бұйырды. Оған Бейнеуден өрт сөндіру пойызы басшысы Бахытжан Дәулетбаев жетекшілік етіп, Бейнеуден Жұлат Есетов, Маңғыстаудан Аманжол Жайлауов және Қожамұрат Төлесінов, Болашақтан өрт сөндіруші Ерболат Бытықов, т.б. қатысты. Үшінші орынды Шерқала тобы алды. Интеллектуалды ойын толықтай қазақ тілінде және жоғары деңгейде өтті. Қатысушылардың қызығушылығы мен белсенділігін ұйымдастырушылар жоғары бағалады.

Суретті түсірген автор

БІЛІМ БАЙҚАУЫНДА ТОП ЖАРҒАНДАР



ҚР Тәуелсіздігі күніне орай Қызылорда жүк тасымалы бөлімінде теміржолшылардың техникалық ілім-білімін сарапқа салатын байқау өтті.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

«Білімі бойынша үздік» конкурсы сала мамандарының күнделікті атқарып жүрген жұмыстарын қаншалықты дәл, анық, қауіпсіз әрі дұрыс жасайтынын бағамдап, сын таразысына салды.

Түркістан мен Сексеуіл станциялары арасындағы станциялардан 36 теміржолшы қатысқан сайысқа бөлім бастығының орынбасары Бекжан Өтеулиев пен кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев, заңгер Дархан Айқожаев қазылық жасады. Алдымен алдын ала дайындалған билеттің 3 сұрағына жауап берген қатысушылар қосымша үш ситуациялық сауалға дұрыс әрекеттерін көрсетуі тиіс болды. Әрбір теміржолшының ТПЕ, ПКҚ, СБЕ (птэ, иси, идп) талаптары мен ережелерді білуі есепке алынды.

– Теміржолшылардың білімін тексеру отырып жетілдіруді мақ-

сат еткен бүгінгі сайыста оған қатысушылардың білім-біліктілігі қанағаттанарлық деңгейді көрсетті. Дегенмен машинистердің жауабынан олардың шын мәнінде өзге әріптестерінен оқ бойы озық тұрғанын байқадық, – деді бөлім басшысының орынбасары Бекжан Өтеулиев.

Конкурста машинист, машинист көмекшілері, вагон қараушылар, пойыз құрастырушылар және станция кезекшілері білім деңгейлерін байқатты. Жүлделі орындар да конкурсанттардың мамандығына қарай үшке бөлініп, тоғыз орынға диплом мен қаржылай сыйақы берілген.

– Теміржолшылардың арасында білім деңгейін жетілдіру жыл бойы жүргізіледі. Себебі пойыздар қозғалысы мен еңбек адамының қауіпсіздігі, техникалық қауіпсіздіктің сақталуынан маңызды ештеңе жоқ. Білім жарысына мекеме басшыларының

таңдауымен емес, жергілікті жерлердегі сыннан сүрінбей өткендер қатысты. Алдағы уақытта да осындай шаралар жиі өткізіліп, әріптестеріміздің білімін шыңдауға басымдық берілетін болады. Бүгінгі тоғыз жүлделі орынға лайықты үздіктер ие болды, – деді кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев.

Сайыста сұрақтарға теңдей жауап берген машинистер Тоқтар Алмаханов пен Ғабит Бердузақов арасында бәсеке өрбіп, «шақыру сигналымен пойызды қабылдау кезіндегі машинистің әрекеті» жайлы қосымша сауал берілді. Екі машинист те сұраққа дұрыс жауап берді, алайда Ғабиттен гөрі Тоқтардың жауабы тұшымды, дәл деген ұйғарым жасалып, жеңіс Қазалы айналым депосының машинисі Тоқтар Алмахановқа бұйырды. Екінші орын тиісінше

Сексеуіл локомотив пайдалану депосының машинисі Ғабит Бердузақовқа, 3-орын Қызылорда локомотив пайдалану депосының машинист көмекшісі Берікбол Тлеубаевқа берілді.

Ал вагон қараушылар арасындағы додада Сексеуіл техникалық қызмет көрсету бекетінің вагон қараушы-жөндеуші Серік Шаден 2-орын, Қызылорда техникалық қызмет көрсету бекетінің вагон қараушы-жөндеуші Омар Тәңірбергенов 3-орынға ие болды. Станция теміржолшылары арасындағы бәсекеде Төретам станциясының пойыз құрастырушысы Жаппар Досымов 3-орын, Жандос Жұмағазы 2-орын, Төретам станциясының кезекшісі Нұрлан Өтеулиев жүлделі 1-орынды иемденді.

Суретті түсірген автор



XII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ

№111-112 (2028-2029), 22/12/2023

ДӘСТҮРЛІ ЖИЫН ШЫМЫЛДЫҒЫН ТҮРДІ

Сейсенбі, 19 желтоқсан күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ – XII республикалық жастар форумының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Еліміздің барлық өңірлерінен 250 жас теміржолшының басын қосқан дәстүрлі шараны «ҚТЖ» ҰК» АҚ әлеуметтік саясат департаменті ұйымдастырды.

Жас қызметкерлердің зияткерлік әлеуетін шоғырландыру, оларды басым міндеттерді шешуге тарту, сондай-ақ кәсіби, әлеуметтік және мәдени байланыстарды нығайтуды көздейтін форумның ашылу салтанаты еліміздің Әнұранымен басталып, бұдан кейін сахна төріне көтерілген Ұлттық компанияның аппарат басшысы Серік Кеулімжаев жастар құрылтайына қатысушылар алдында сөз сөйлеп, форум жұмысына сәттілік тіледі. Ол өз сөзінде Ұлттық компания өміріндегі өзгерістердің келешек көшбасшылары жастар екенін, олардың құзыреті мен біліктілігін арттыру кадрлық, техникалық саясаттың және тұтастай алғанда компанияның даму стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылатынын атап өтті.

«Компания жастарға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі форум өзекті мәселелерді ортаға салатын және жастарды жаңа білім нәрімен сусындатып, белсенділіктерін әрі ынта-жігерін арттыратын бірыңғай алаң болмақ. Форумға әртүрлі



байқаулар мен жобалардың жеңімпаздары, белсенді жастар қатысып отыр. Бір ғана «ҚТЖ-ның 100 жас есімі» жобасының жеңімпаздары арасынан 28 жастың лауазымдық қызметке көтерілгенін атап өтті. Келесі жылы біз үшінші пуддың жаңа жиынтығын жинауға кірісеміз, соған белсенді қатысуға, жаңа жобаларды әзірлеуге шақырамын. Сонымен қатар өндірістің алғы шебінде жүрген «Жас үздік маман» кәсіби байқауының жеңімпаздары бар арасында, олар – Компания мақтанышы. ҚТЖ «Самұрық-Қазына»

АҚ-ның портфельдік компаниялары арасында «Корпоративтік волонтерлік мектебі» жобасын бірінші болып бастады. Және бұл жобаға қатысып жатқан жастардың көптігі бізді қуантады. Компания басшылығы сендердің бастамаларыңызды әрқашан қолдайды. Біз жастарға сенеміз!» – деп түйіндеді сөзін аппарат жетекшісі.

ҚТЖ-ның Жастар форумына «ҚТЖ-ның 100 жас есімі» жобасы жеңімпаздары, «Жас үздік маман» кәсіби байқауының финалистері, «Корпоративтік волонтерлік мектебі» жобасының еріктілері,

жастар істері жөніндегі кеңестің өңірлік өкілдерімен қатар Логистика және келік академиясының студенттері, «Қазпошта» АҚ, Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығының, «QazaqGaz» ҰК» АҚ белсенділері қатысты. Атап өтерлігі, форум бағдарламасы жыл сайын бірінші рет келгендер үшін де, тұрақты қатысушылар үшін де барынша пайдалы білім беретіндей болып құрылуы. Бұл жолы да жұмыстың негізгі форматы компания стратегиясын бірлесіп талқылау, «Жастардың ESG-мәдениетін дамытуға әсері» панельдік талқылауы,

«Тімділікті басқару», «Көпшілік алдында сөйлеу», «Экологиялық қарым-қатынас», «Ішкі коммуникациялар» және т.б. тақырыптар бойынша тренингтерге арналды. Қатысушылар үш қарқынды жұмыс күні ішінде заманауи білім алып, шығармашылық қырынан танылып, жаңа таныстар табатын болады, сондай-ақ прогрессивті ойлайтын жас теміржолшылардың жаңа есімдері ашылып, олар болашақта мансаптық өсулеріне мүмкіндік ала алады және компанияның өркендеуіне үлес қосатын бастама иелері болмақ.



ESG-мәдениетін дамыту жақында

Форум аясында «Жастардың ESG-мәдениетін дамытуға әсері» панельдік талқылауы өтті.

ҚТЖ-ның Әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Замир Серіков модераторлық етіп, спикерлер ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығының бас директоры Елдос Өмірзақов, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Сәуле Истлеева, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары – бас инженері Мәріп Көкпекбаев, «Бизнесті трансформациялау орталығы» филиалының директоры Марат Жайықбаев қатысқан жиын танымдық тұрғыда өтті. Модератор спикерлерге жеке-жеке сұрақ қойып, тақырыптар талқылауға ұласты.

«ESG аббревиатурасы «экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару» дегенді білдіреді. Кең мағынада бұл келесі принциптерге негізделген: коммерциялық қызметтің тұрақты дамуы; қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау (ағылшын, E – қоршаған орта); жоғары әлеуметтік жауапкершілік (ағылшын, S – әлеуметтік); корпоративтік басқарудың жоғары сапасы (ағылшынша, G – governance).

«Қазіргі түрде ESG қағидаттарын алғаш рет БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан тұжырымдаған. Ол ірі жаһандық компаниялардың менеджерлерін осы принциптерді өз стратегияларына, ең алдымен климаттың өзгеруіне қарсы тұруға қосуға шақырды. Қазір бұл принциптер Қазақстанның мемлекеттік және квазимемлекеттік секторларымен қатар «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ірі бизнес компанияларына да енгізіліп отыр», – деп түсінік берген модератор алғашқы сұрақты Самұрық-Қазына өкілі Елдос Өмірзақовтың бағыттады. «Қор пайымында ESG деген не? Және ол біз үшін қаншалықты маңызды?» деген сауалға байланысты спикер Самұрық-Қазына қорында ESG принциптерін енгізу бағытында жүргізіп жатқан жұмыстар жөнінде мағлұмат берді. «ESG принциптерінің бірі – ашықтық. Біз Қордың портфельдік компанияларына осы ESG принциптерін, басқа да халықаралық дағдыларды енгізіп жатырмыз. Әсіресе ESG-дің қазір біз S, яғни әлеуметтік бағытындағы принциптеріне айрықша тоқталып, осы бағытта әртүрлі жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Жалпы біз қандай жағдайда ESG принциптерін

сақтай аламыз? Жұмыс беруші де, жұмысшы да еңбек қауіпсіздігін, еңбектің қорғалуын сақтап, қоршаған ортаны ластануға мүдделі болса, өз қызметтерін жауапкершілік танытып, мұның бәрі жалпақ тілмен айтқанда ESG-нің принциптерінің сақталғаны» деді ол.

Модератордың келесі сауалы «ҚТЖ» компаниясындағы гендерлік саясатқа байланысты Сәуле Машұрқызына қолданды. Гендерлік саясатқа қатысты компания ұстанымын білдірген спикердің айтуынша, гендерлік теңдік әйел адамдардың мүмкіндіктерінің шектелмеуін, олардың біліктілік, саясатта, қаржы, өндіріс секторларында және тағысын тағы салаларда өсуін, олардың да өз ойларын ашық жеткізуді, идеяларын айтуы сияқты принциптерді қарастырады. «Сіздерге де бір-біріңізді сыйлап, жұмыс барысында әріптес қыз-келіншектердің пікірлеріне, идеяларына құлақ асып, олардың қызметтік сатыда өсуіне қолдау білдірулеріңізге тілектеспін» деп сөзін аяқтады С. Истлеева.

ESG принциптерінің бірі – қоршаған ортаны қорғауға байланысты сауалға Марлен Көкпекбаев жауап берді. Айтуынша, «ҚТЖ» компаниясы қоршаған ортаның ластануын мейлінше төмендетуге айрықша мән беріп отыр. Бұл бағытта жыл сайын іс-шаралар жоспары түзіліп, ауқымды жұмыстар атқарылуы. Экологиялық айлықтар ұйымдастырылады. Локомотив парктөрінің жаңартылуы да осы экологияға зиянды шығарындыларды азайта түспек. Келешекте тепловоздардың жанар-жағармайды емес, сутегіні қолданып жүруі сияқты әлемдік тәжірибелері де қарастырылуы.

Модератордың айтуынша, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның келістік-логистикалық компанияға трансформациялау барысында жаңа трансформациялық процестер ESG-нің принциптерімен біріктіріледі, осы тұрғыда қандай жаңа процестер ҚТЖ-ға сын-тегеуіріндер болатынын «Бизнесті трансформациялау орталығы» филиалының директоры Марат Жайықбаев түсіндіріп берді. Ол осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала келіп, талантты жастарды өз өңірлерінде трансформациялау жұмыстарын алға жылжытуға, бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

МЕЧТА СТАЛА РЕАЛЬНОСТЬЮ

Вот уже который год участники Республиканского молодежного форума дарят радость и веру в новое чудо особенным детям своих коллег с помощью «Елки детских желаний».

Благотворительная акция, организованная в рамках проекта «Марафон молодежных инициатив», давно стала доброй традицией молодежных форумов. В этом году новогодняя елка исполнила мечты 15 ребят.

Зеленую красавицу, ветки которой украшают конверты с именами детей, поделившись своими заветными желаниями, устанавливая на сцене мажикс-зала в административном здании ҚТЖ, а ролью добрых волшебников наделяют участников форума из всех регионов страны. Представители каждого из них привозят желанный подарок одному из малышей.

Организаторы заранее связываются с родителями ребят, узнают об их пожеланиях, а в канун Нового года исполняют детские мечты.

– Цель акции – подарить улыбку и сделать детство детей чуточку счастливее. Ведь проблемы со здоровьем не дают им в полной мере насладиться самой беззаботной порой, – говорит менеджер департамента социальной политики АО «НК «ҚТЖ» Ерман Жаналиев.



В этом году железнодорожники ознакомили 15 ребят в возрасте от 4 до 11 лет. Велосипед, шведская стенка, детская кухня, сертификаты на обувь и одежду, развивающие игры, телефоны, куклы, фотоаппарат, планшет и даже ноутбук – каждая мечта в этот день воплотилась в реальность.

К торжественному моменту подготовились и сами малыши – красивые, в праздничных новогодних костюмах

сопровождении родителей они поднимались на сцену за заветным подарком.

Кто-то норовил его тут же открыть, чтобы внимательно рассмотреть. Эти трогательные моменты не оставляют равнодушных среди присутствующих. Слезы умиления и радости, счастливые улыбки детей – все это красноречиво говорит о том, что благие дела совершаются не зря, а в жизни всегда есть место чуду.

Родители поблагодарили

коллег за поддержку, чуткость и внимание к их детям.

– Большое спасибо вам за это бесценное внимание, заботу. Я проработала на железной дороге 23 года. Начинала с оператора БЭВМ Главного вычислительного центра, была главным специалистом, потом перевелась в ГП. До выхода в декрет работала в департаменте технологических систем перевозочного процесса грузовых перевозок. Из-за врожденных и приобретенных заболеваний дочка долго не могла вновь выйти на работу. Коллеги меня всячески поддерживали, продлевали отпуск по уходу за ребенком. Но в этом году я решила уволиться, чтобы посвящать все свое время дочери. Это решение далось мне нелегко, – признается мама 7-летней Амаль Анара Алмасова.

Звонок от бывших коллег в преддверии Нового года ее приятно удивил.

– Мне сказали: как в Новом году без подарка. Подарили Амаль куклу. Она любит играть с коляской, пока катает в ней своего медвежонка, теперь будет катать малышка-реборна. Спасибо за эти непередаваемые эмоции, за радость, – сказала Анара Алмасова.

Маленьким гостям и их родителям, вышедшим на сцену, весь зал аплодировал стоя.

«МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЭТИКАСЫ» ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Белгілі тренер, коуч Латина Саттарова өткізген тренинг «Мінез-құлық этикасы» воркшопы деп аталды. Мотивациялық кітап авторы және салада 15 жылдық тәжірибесі бар тренер қатысушылардың өзара пікір алмасуына арналған сұрақ-тапсырмалар берді.

Тренер әріптестер арасындағы ішкі коммуникация, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, мүдделер соқтығысы, нағыз кәсіби маманның этикалық қасиеттері, қызметтік этика қандай қағидаттарға сүйенеді деген тақырыптарда сөз қозғайды. Сонымен қатар адал, сыпайы адам, әділетті қызметкер қандай болады, қандай мәселелерді әріптестермен талқылауға болмайды деген

мәселелерге де мән берілді. Тренингке қатысқан «ҚТЖ-100 жас есім» жобасының қатысушысы, қазалылық машинист Тоқтар Әлмаханов осы тренинг өте жақсы деңгейде өткенін сонша, 3 сағаттың қалай өткенін байқамай қалғанын айтады. – Тренинг барысында ұжым арасында жанжал болған жағдайда қалай шешу жолдарын және жұмысшы мен жұмыс



беруші арасында түсінбестік болғанда қандай іс-әрекеттер жасау керек екенін оқытты. Бұл алған білімімізді алдағы уақытта жұмыста тиімді пайдаланып, ұжымдық көңіл-күйді жақсартуға жұмсаймыз. Форумға 5 рет қатысымыз. Салада 9 жылдан бері еңбек етемін. Осындай ауқымды,

біздер үшін маңызды іс-шараны ұйымдастырып, жастарға зор мүмкіндіктер бергені үшін ҚТЖ басшылығына үлкен алғысымды білдіремін, – дейді ол. Форум аясында сонымен қатар белгілі тренер Жанна Ибраева «Көшбасшылық және витальды интеллект» тақырыбында да тренинг өткізді.

БЛИЦ

Құатбек КӨПБАЕВ, Маңғыстау вагон пайдалану депосының вагон қараушысы:

– Вагон шаруашылығы саласында қызмет етіп жүргеніме 12 жыл болды. Жастар форумына 2015 жылдан бері қатысамын. Басында жәй қатысушы болып келгенмін. Кейіннен форум аясындағы түрлі бағдарламаларға, тренингерге қатысып, ынта-жігерім ашылып, ауылға барған соң КВН командасын құрдым. Әр саладан теміржол жастарының басын қосып, алғаш рет 2017 жылы ойын көрсеттік. Одан кейін республикалық деңгейде Есен Елеукен ағамыздың шақыртуымен Жайдарманға қатыстық. Алматыдағы А лигасына қатысып, финалға шықтық. Маңғыстау облысы бойынша да жайдарманшылар жарысында жүлделі орындарға ие болдық. Бұл форум менің өміріме үлкен оң өзгерістер әкелді. Көптеген жақсы достар таптым. Өз ісіме деген сүйіспеншілігім артты, қарым-қатынасты жақсарту, ой-өрісті өсіру тұрғысынан маған берері көп болды. Бүгінде жасым 33-те. Отбасылымын, бір балам бар.



Сәния ҚҰСАЙЫНОВА, «KTZE-Khorgos Gateway» ЖШС еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша маман:

– Темір жолда 14 жылдан бері еңбек етемін. Еңбек жолымды Алтынкөл станциясында еңбек қорғау бөлімінде маман болып бастадым. Менің міндетіме – экология, метрология және еңбек қорғау салаларындағы мәселелер кіреді. Бұл форумға екінші рет келіп тұрмын. «ҚТЖ-100 жас есім» жобасының қатысушысымын. Волонтерлікпен айналысамын. Форумда бірнеше тренинге қатыстым. Соның ішінде есімде қалғаны – «Ішкі коммуникация» тренингі болды. Мұнда бізге блог жүргізуді және өзміздің мамандығымыз бойынша әлеуметтік желіде амбассадор болуды үйретті. Өз-өзімізді камера алдында қалай ұстауды, қалай контент жазуды көрсетті. Таңертеңнен түске дейін лекция болды, не түсінгенімді жазып отырдық. Сосын жоспар құру, компания жұмысын тиімді ету бойынша қандай ұсыныстар беруге болатыны туралы ойларымызды айттық. Биылғы форум өте қатты ұнады, ұйымдастырушылық деңгейі жоғары болды.



Бекзат КӘРІМХАНОВ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы – Семей ЖТ бөлімшесінің өндірістік қауіпсіздік және экология қызметінің жетекші инженері:



– Мен темір жолда еңбек жолымды 2014 жылы бастадым. Республикалық жастар форумына екінші рет қатысып отырмын. Былтыр бірінші рет қатыстым. Оған себеп, бес түрлі санат дәрежесіндегі жарыстан озып шығып, «ҚТЖ-100 жас есім» бағдарламасының жеңімпазы ретінде қатыстым. 100 жас есім бағдарламасы бойынша төрт модуль оқыдық. Модульдің екеуі офлайн, біреуі онлайн болды. Міне, қазір төртінші модуль Астанада жүріп жатыр. Келесі жылы да төрт модульден өтетін боламыз. Биыл бірінші рет ҚТЖ-да Корпоративтік волонтерлер мектебі жобасы жүзеге асты. Мен осы жобаның да жеңімпазымын. Қазір мен екі бағыт бойынша оқып жатырмын. Алдағы уақытта ішкі тренерлер бойынша білімді жетілдірмек ойым бар. Жалпы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы білімді жетілдіреріміз, мансаптық қызмет жасаймын деген жастарға жол ашқан. Мүмкіндік мол. Форум шеңберіндегі өтіп жатқан тренингтер қандай керемет. Тұнып тұрған білім.

Ержан ЖАНАЛИЕВ, «ҚТЖ» ҰК АҚ Әлеуметтік саясат департаментінің менеджері:



– Биыл форумға 250 жас теміржолшы қатысып отыр. Олар шетінен талантты, араларында әртүрлі бағдарлама, жобалардың жеңімпаздары және де Самұрық-Қазына челленджінің қатысушылары Алматыға барып, форумда болып, жеңімпаз болған белсенді жастар бар. Сонымен қатар ел өңірлерінде жастар саясатын жүзеге асыратын біздің агенттеріміз бар. Форумның бағдарламасын құру барысында біз қамтылатын тақырыптар, тренингтердің қызықты, тартымды және пайдалы әрі түсінікті болуына басымдық бердік. Осы форум барысында алған білімдерін, дағдыларын кейін жұмыс барысында қолдансын деген мақсатты көздедік. Сонымен қатар жас теміржолшылардың жан-жақты ашылуын, сан түрлі қырынан танылуы үшін Көңілді тапқырлар ойыны, Визитка сияқты өнерлерін ортаға салатын тақырыптарды да қамтыдық. Біздің Компания ESG реитінгісіне ие болды. Оның бір бағыты – волонтерлік жобасы. Ол бес номинация бойынша өтеді. Үлкендерге көмек, балаларға қамқорлық, денсаулық, спорт, қоршаған ортаны қорғау. Осы номинациялар бойынша байқауға қатысуға тілек білдіріп отырған жастар көп. Біз олардың ізгі бастамаларын қолдауға қашан да дайынбыз.




ӨНІРЛЕР ВИЗИТКАСЫ – ӨНЕР ЖИЫНТЫҒЫ

Жылда желтоқсанда өтетін теміржол жастарының республикалық форумы аясында дәстүрлі түрде жалғасын тауып келе жатқан көңілді сайыс «Өңірлер визиткасы» аталады. Мұнда жастарға әртістік қабілеті, креативтілігі мен сахналық киімдерінің сан алуандығы бойынша баға беріледі.



Биыл бұл байқауға 13 команда қатысты. Магистральдық желі дирекциясы директорының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Рамазан Садырқұлов, «Көркем-студия» ЖШС директоры Жеңіс Ағыбай, «Самұрық-Қазына» АҚ құқықтық қамтамасыз ету департаменті директорының орынбасары Диляс Ернарзоров, «Самұрық-Қазына» АҚ атқарушы директоры – адами ресурстарды басқару және әлеуметтік саясат департаментінің директоры Әділжан Исмухамбетов, ҚТЖ-ның Көпфункционалды қызмет көрсету орталығының директоры Мадияр Сұлтанбек қазылық еткен «Өңірлер визиткасы» сайысын Қостанай, Ақмола өңірлерінің бірлескен командасы бастады. Заманауи ән ырғағымен билеген олардың өнері көпшілікті тәнті етті. Одан әрі сайысты жалғасаң Павлодар командасы шетелдік фантастикалық кино «Матрица» бойынша ән мен биден музыкалық қойылым қойды. Қарағандылық жастардың да шығыс үлгісіндегі киімде өнер көрсетуі, флейтада ойнауы көрермендердің есінде қалды. Ал Өскемен мен Семей теміржолшыларынан құралған команда «Аладдин мен сиқырлы шам ертегісі» желісінде заманауи әуенмен әрлей отырып, тұтас бір театрлық қойылым көрсетті, олар да костюмдерінің ерекшелігімен көзге түсті. Алматы жол бөлімшесінің жастары бұл байқауда Серік Ибрагимовтің «Вокзалда қауышқан қыз», Ұланғасыр Қамидің «Балқия» және Ninety one тобының «Айыптама» өлеңдері пародия жасады. Темір жолға байланысты болған соң С.Ибрагимовтің осы өлеңіне Алматы-1 вокзалында клип түсірдік. Сосын қазіргі тренде жүрген «Балқия» өлеңіне көрініс қойдық, соңында «Айыптама» өлеңімен аяқтадық. Бұл форумға Алматыдан 14 теміржолшы және 5 студент қатысты. Бәрі жақсы дайындықпен келді, жалпы биыл барлық командада үлкен өзгерістер бар екені байқалады, – дейді Достық станциясы кәсіподағының төрағасы Данияр Бимашев. Жамбыл жастары «Ирина Кайратовна» тобының Чина

әніне билеп, сахнадағы экранға ауыл жастарының төбелесінен бейнероликтер көрсетті. Шымкенттік теміржол командасы Ю.Шатуновтың өніне жазылған қазақша «Қызыл раушан» өнімен сахнаға шығып, «Слово пацана» киносынан көріністер қойды. Қызылорда жастары жақында ҚТЖ-да іске қосылған «Ұлттық сезім» жобасына орай ұлттық киімдермен сахна төріне түмен көтеріліп, «Туған елге» өніне көрініс көрсетті. Визитка көрсету барысында Сыр елінде болып жатқан қайырымдылық іс-шараларына теміржолшылардың қалай араласып жүргенін экран арқылы көрсеттік. Ұлттық нақыштағы киімдерімді киіп, қазақшылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр елінің сәлемін жеткіздік. Жалпы Қызылордадан 9 жас теміржолшы келдік. Өзім бұл форумға 2018 жылдан бері қатысып келемін, – дейді Сексеуіл локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Еркебұлан Аяғанов. Ақтөбе жастарының визиткасы әлем және қазақ поэзиясының жауһарларын мәнерлеп оқумен ерекшеленді. «Ромео-Джульетта» поэма-сына бастап, Сергей Есениннің өлеңімен жалғасаң олар Абайдың жырларын оқып, Алаш қайраткерлерінің, соның ішінде Бес арыстың образын сахнаға алып шықты. Мір-жақыптың «Оян, қазақ!» өлеңін оқып, көрермендерді жігерлі жырларымен тебірентті. Жапонның ұлттық киімдерімен де шығып, өнер көрсетті. Олардың ерекше қойылымы Қазылар алқасы тарапынан жоғары бағаланды. Сол сияқты Орал теміржолшылары Виктор Цойдың шығармашылығы арқылы өз өнерін паш етті. Атырау «Көке» образындағы қарт, яғни бұрынғы осы форумға қатысушы теміржолшының естеліктері аясында өнерпаздардың заманауи өн, бйне құрылған қойылымымен ерекшеленді. Маңғыстау «Гангамстайл» өнімен би қимылдарын көрсетсе, Астана жастары бір мезетте 40 адам болып сахнаға шығып, заманауи әндерден креативті флешмоб жасады. Байқаудың қорытындысын жариялау форумның жабылу салтанатына қақтырылды. Жалпы бұл сайыс форумға қатысушы жастардың жыл өткен сайын өнер әлемінде шыңдалып, кәсіби тұрғыда дараланып келе жатқанын байқағаны.



Жарыс нәтижесінде Жамбыл бөлімшесінің жастары бірінші орын алды. Екінші орынды Ақтөбе, Атырау және Өскемен мен Семейдің біріккен командасы иеленді. Үшінші орынды Алматы, Павлодар, Шымкент теміржолшылары өзара бөлісті.

«ТИІМДІ КЕЛІССӨЗДЕР» қалай жүргізіледі?

Форумның екінші күні жастар «Тимді келіссөздер» тренингіне қатысты. Оны бизнес-тренер, кәсіби спикер, ментор Светлана Каплина өткізді. Айтуынша, ол бұл форумға екінші рет қатысып, жас теміржолшыларға білгенін үйретуде.

– Келіссөздерге дайындық – табыстың 70 пайыз кепілі. Тренинг барысында «Тәуекел-Нәтиже – Ақпарат-Стратегия – Контекст» үлгісі бойынша келіссөздер жүргізу машықтарын үйреттім. Қатысушылар келіссөз жүргізу машықтарына дағдыланып, өздерінің әлсіз және мықты жақтарын анықтайтындай тәжірибелік тапсырмалар берілді. Келіссөз жүргізудің 5 стратегиясын зерделеп, өз позицияны қалай нығайтуға болатынын, табысты келіссөз жүргізуші қандай біліктіліктерге ие болатынын көрсетіп бердік. Келіссөздер – күрес пен ынтымақтастықтың қоспасынан тұрады, қатысушылар келіссөздерге талдау жүргізуді үйренді, – дейді тренер.



Осы тренингке қатысушы, «ҚТЖ» ҰК АҚ «Бас есептеу орталығы» филиалы Достық станциясының Бірінші желілік қолдау бөлімшесінің жетекші инженері электроншысы Құттыбек Мергенбай алған әсерімен бөлісті. Теміржол саласында 11 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан ол жұмыс барысында келіссөздер қажеттілігі жиі туындайтын айтады. – Достық станциясында инженер-технолог болып қызметімді бастағанмын. Форумға шақыртумен келдім. Алматыда өткен форумға белсенді қатыстым. Тренингте айтылған дүниелер бәріне белгілі нәрсе сияқты болғанымен тәжірибеде қолдану қиын, сол жағын жеткізіп, түсіндіріп айты.

Алдымен слайдтар арқылы теориялық білім берді. Сосын қатысушылардың өзара сөйлесуі арқылы тәжірибеде сынап көрді. Әр топқа 3 адамнан бірігіп, 10 минут ішінде өз өміріміздегі сәтті келіссөздер туралы айттық. Іскерлік сұхбат барысында екі қатысушы бір-біріне сұрақтар қойып, сценарий бойынша келіссөз жүргізеді. Келіссөз жүргізудің 5 стратегиясына илу, икемделу, компромисс, сайыс, ынтымақтастық жатауын білдік. Енді сол алған білімді тәжірибеде қолданамын деп ойлаймын. Әсіресе, менің жұмысымда келіссөздер жүргізудің қажеттілігі басым. Енді сондай жұмыстар барысында әр сөзіме мән беріп, дұрыс сөздерді қолданып, екі жаққа тиімді мәмілеге келудің жолдарын істейтін боламын. Жалпы бірінші рет қатысып отырған бұл форум маған өте қатты ұнады, бағдарламасы өте маңызды, әрі қызықты болды, – дейді ол.

ШЕШЕНДІК ТЕ ШЕБЕРЛІК

Форум аясында жастарға арнап бірқатар тренингтер өткізілді. Солардың бірі белгілі тренер Мақсат Жансейітовтің «Көпшілік алдында сөз сөйлеу» тренингі болды.



Тренингте көпшілік алдында таныстырылым жасау ерекшеліктері, сөз сөйлеудегі мәнер, бизнесмендерге, шенеуніктерге арналған таныстырылымдар қалай ерекшеленеді, аудиторияны өзіңе қарата білуге арналған әдістер, аудиторияға сіздің сөзіңіздің ұнамау себептеріңді белгілеу, тиімді сөз сөйлеу композициясы деген тақырыптар бойынша теориялық білім берілді. – Біз осындай форумдардан бөлек көптеген іс-шараларда онсыз да көпшілік алдына жиі шығамыз. Яғни көптің алдына шығу таңсық емес. Дегенмен құр сөйлемей, елді өзіңе, сөзіңе ұйыта білу, оларға өз білгеніңді жүйелі түрде жеткізіп, санасына сіңіру басқа өңгіме. Бүгінгі тренинг осы бағытта білім беріп, өзінді адамдардың алдында ұстауды, дұрыс бағытта сөйлеуді үйретіп және көшбасшылық қасиеттерінді нығайтады деп білем, – деп әсерімен бөлісті ақтөбелік инженер-технолог Дархан Әнуаров. Компанияда 2013 жылдан бері

жолсерік болып істеп, 2022 жылы трансформация негізінде өзгертулер мен жаңа бағытта ашылған, барлық Батыс аймақты біріктірген Пойыздарды басқару орталығында қызметін жалғастырған Дархан компанияның Жастар саясатына 2014 жылдан бері белсенді қатысып келеді. 2018 жылдан бастап Ақтөбе жастарының жетекшісі, әрі КВН Лигасының белсенді қатысушысы. Оның айтуынша, Жастар форумында компанияның алға қойған мақсаты, стратегиясын айтылады. Ал жастардың міндеті – сол стратегияны одан әрі дамыту. – Компания жыл сайын біздей жастарға жаңа бағыттағы оқулар мен тәжірибелерді ұсынып, біліктілігімізді арттырады. Есесіне біздер компаниямыздың алға қарай дамуына үлесімізді қосып, жаңа тын бағдарламалармен жобаларды ұсынамыз. Осы кезге дейін дәл осы форумға қатысқан көптеген жастарды танымын. Біздерге үлгі болатындай ақыл-кеңестерін береді. Олардың көбі қазіргі таңда бас инженер, станция және бөлім басшылары қызметтерінде еңбек етуде. Компанияның қолдауымен жастар шетелге де барып, түрлі іс-шаралар арқылы тәжірибе жинақтайды. Қазір мүмкіндіктер уақыты, сол себепті тек еңбек ету керек. Компания жастарға сенеді, оған бірден бір дәлел – мына мен, түрлі ротациядан өттім, алдағы уақытта компанияның дамуына үлесімді қосамын деп айта аламын, – дейді Дархан сөзін толықтырып.



РАСКРЫТЬ И ПРИУМНОЖИТЬ ТАЛАНТ

Можно смело сказать, что участникам XII Республиканского форума молодежи АО «НК «ҚТЖ», который собрал 250 самых активных и талантливых железнодорожников из всех регионов страны и стал ключевым молодежным событием года, повезло вдвойне. Они не только отточили свои таланты, но и сразу смогли применить новые знания и навыки на практике. Ведь талантливые тренеры, наставники, тьюторы, менторы уделили внимание каждому и дали конкретные задания, чтобы закрепить полученные знания.



раскрепощеннее в общении, научился более продуктивно работать в команде, ставить четкие цели и быстро их добиваться.

– Мне особенно понравились панельная дискуссия, тренинги, знакомство с новыми людьми, интеллектуальные игры. Большой пласт нового вынес из мастер-классов «Личный бренд» от Галины Алькешевой, «Критическое мышление» от Тимура Калды-



Организатором масштабного мероприятия традиционно выступил департамент социальной политики АО «НК «ҚТЖ». Как отмечают организаторы, основные задачи форума – консолидация интеллектуального потенциала молодых работников, вовлечение их в решение приоритетных задач, а также укрепление профессиональных, социальных и культурных связей.

Главная цель работы площадок форума – внедрение лучших моделей развития прорывных компетенций молодежи. Как подчеркнули сами тренеры, большую роль сейчас играют базовые коммуникативные навыки, которые помогают развивать отношения с людьми, поддерживать разговор, эффективно вести себя в критических ситуациях при общении.

Напомним, участниками XII Республиканского форума молодежи стали победители проекта «100 молодых лиц ҚТЖ», финалисты профессионального конкурса «Жас үздік маман», волонтеры проекта «Школа корпоративного волонтерства», региональные представители совета по делам молодежи, студенты Академии логистики и

транспорта, работники АО «Казпочта», Центра социального взаимодействия и коммуникаций, АО «НК «QazaqGaz».

Программа форума всегда построена таким образом, чтобы принести максимум полезных знаний и для тех, кто приехал на форум впервые, и для постоянных участников. Ребята получили три насыщенных дня работы, общения, получения знаний, творчества и новых знакомств, которые откроют новые имена прогрессивно мыслящих сотрудников, станут стартом их будущего карьерного роста и процветания компании.

Машинист-инструктор ТЧЭ-6 Мангистау Фархат Жуманиязов рассказал, что благодаря форуму он иначе посмотрел на многие вещи, стал намного

баева. Также запомнилось обучение для участников «100 молодых лиц» Салтанат Аскербекқызы и Айгуль Ямалдинова на тему «Внутренние коммуникации». Ведь не зря говорят, что талантливые педагоги и наставники могут воспитать талантливого ученика – будущего лидера. Нам эти дни давали свои знания настоящие талантливые тренеры, и мы все понимали четко и ясно. Теперь будем это применять в повседневной жизни, в работе. Я благодарен ҚТЖ. Работаю здесь с 18 лет, сейчас мне 33 года. И даже никогда не думал сменить род деятельности. Хочу и дальше расти и развиваться с компанией, – говорит Фархат Жуманиязов.

Основным форматом работы в этом году стали совместное обсуждение стратегии компании, панельная дискуссия с топ-менеджерами компании, тренинг по темам «Управление эффективностью», «Публичные выступления», «Экологичное общение», «Внутренние коммуникации» и другие.

БИТВА УМОВ

Эрудицию, логику и сплоченность продемонстрировали участники форума молодежи в интеллектуальной игре «Молодые знатоки». За звание лучших боролись 18 команд.

